

**2025 жылғы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»  
жанындағы «8D05101 – Биология/6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы бойынша  
кадрларды даярлау бағытына сәйкес Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы  
ЕСЕП**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 25 наурыздағы «Философия докторы (PhD), ғылым докторы дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестерді ашу туралы» №305 бұйрығы негізінде жұмыс істейді. Диссертациялық кеңес «8D05101/6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға диссертацияларды қабылдауға құқылы және 2028 жылдың 3 наурызына дейін жарамды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 1 шілдедегі № 294 бұйрығымен өзгертілген) бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереженің 3, 5, 7, 9 және 10 тармақтарына сәйкес, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің басқарма төрағасы – ректорының бұйрығы негізінде (2025 жылғы 29 тамыздағы № 1139 бұйрық).

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы 4 мүшеден тұрады (1-кесте).

Кесте 1. «Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» жанындағы «8D05101 – Биология/6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы

№ п/п	Т.А.Ж.	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Ғылыми дәрежесі, мамандық шифры, атағы
1	Ишмуратова Маргарита Юлаевна, председатель	Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, профессор	б.ғ.к., профессор 03.00.05 - Ботаника
2	Какимжанова Алмагуль Апсаламовна, төрағаның орынбасары	«Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС, Астана қ.	б.ғ.д. (03.00.23 - Биотехнология), доцент
3	Созонтов Артем Николаевич	Ресейдің тұңғыш Президенті Б.Н. Ельцин атындағы Урал федералдық университеті, Екатеринбург қ., Ресей.	б.ғ.к., (03.02.04 – Зоология, 03.02.08-Экология), доцент
4	Жумина Асель Галымовна, ДС ғылыми хатшысы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, қауымдастырылған профессор	«Биология» мамандығы бойынша философия докторы PhD

1. Өткізілген отырыстар саны – 8 (сегіз), оның ішінде 2 (екі), докторанттармен диссертация қорғау отырысы, ұйымдастыру бойынша отырыстар - 6 (алты).
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес (ДК) мүшелері - жоқ.
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (2 кесте)

Кесте 2. 2025 жылы диссертация қорғаған докторанттардың тізімі

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні
1	Тыржанова Саягуль Сериковна	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ	6D060700 – Биология	05.12.2025 ж. (қайта қорғау)
2	Рамазанов Алибек Кайриденович	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ	6D060700 – Биология	05.12.2025 ж.

4. Есепті жыл ішінде кеңес қараған диссертацияларға келесі бөлімдерді бөліп көрсете отырып жасалған қысқаша талдау:

*Рамазанов Алибек Кайриденович* – тақырыбы «*Chamomilla recutita* сорттарының тұқымдарын криогенді сақтау және қысқа, ұзақ мерзімді сақтау әдістерін өңдеу».

Диссертациялық жұмыс «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ биология-география факультеті, ботаника кафедрасы «Биотехнология және экомониторинг» ғылыми-зерттеу паркі базасында орындалды.

*Қаралған жұмыс тақырыбына талдау:* Диссертациялық жұмыс *Chamomilla recutita* сорттарының тұқымдарын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді криогендік сақтаудың ғылыми негізделген әдістерін әзірлеуге арналған. Жұмыс өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және алынған нәтижелердің сенімділігі бойынша мамандық паспортына сәйкес келеді. Қойылған мақсаттар, міндеттер және диссертациялық жұмыстың мазмұны ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық (РbD) диссертацияларға қоятын талаптарына жауап береді.

*Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі*

кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда: *On Line Journal of Biological Science*. – 2022. - Vol. 22 (4). - P. 512-519. – АҚШ. - CiteScore (Scopus) 2021 – 1,3; жалпы биология ғылымдары бойынша процентиль – 45; жалпы биохимия, генетика және молекулалық биология бойынша процентиль – 32; 6 мақала — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда: Қарағанды университетінің хабаршысы, Биология. Медицина. География сериясы. - №1(97). – 2020. – Б.47-53, Қарағанды университетінің хабаршысы, Биология. Медицина. География сериясы. - №3(99). – 2020. – Б.75-82, Қарағанды университетінің хабаршысы, Биология. Медицина. География сериясы. - №3(103). – 2021. – Б.144-149, *Eurasian Journal of Applied Biotechnology*. No.3, 2024, *Eurasian Journal of Applied Biotechnology*.- № 3S.- 2024.-с.43, *Eurasian Journal of Applied Biotechnology*.- № 3S.- 2024.-с.21; 5 мақала — халықаралық форумдар мен конференцияларда баяндалып, материалдар жинақтарында жарияланды: Актуальные проблемы биологии и экологии: материалы международной научной конференции. – Караганда.- 2018. –С.200-203, Материалы VI Всероссийской конференции с международным участием.- Уфа.- 2019.-С. 161-165, Абайдың 175 жылдығына арналған заманауи әлемдегі ғылым мен білім: атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды.- 2020. – Б.297-300, Лекарственное растениеводство: от опыта прошлого к современным технологиям: международная научно-практической конференция (Полтава, 29-30 июня 2020), Проблемы ботаники Южной Сибири и Монголии: матер. 23-й науч.-практ. конф. – Барнаул, 2024. – С.448—454.

#### **Диссертацияның нәтижелерін практикалық қызметке ену деңгейін талдау:**

Зерттеулердің алынған нәтижелері «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ биология-география факультетінің ботаника және криобиология пәндері бойынша оқу процесіне, сондай-ақ биотехнология және экомониторинг ғылыми-зерттеу паркінің криобиология бойынша жұмыстарды орындау қызметіне енгізілді. *Scabiosa ochroleuca* және *Scabiosa isetensis* гербарий материалдары Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің гербарий қорына тапсырылды. *Scabiosa ochroleuca* және *Scabiosa isetensis* тұқымдық материалдары биотехнология және экомониторинг ғылыми-зерттеу паркінің криобанкіне өткізілді. Сондай-ақ *Scabiosa ochroleuca* және *Scabiosa isetensis* гербарий материалдарының деректері жаһандық биоәртүрлік ақпараттық қорына (Global Biodiversity Information Facility (GBIF)) енгізілді.

**5. Ресми рецензеттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып):**

А.К. Рамазановтың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

Куприянов Андрей Николаевич — б.ғ.д., профессор, «Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Көмір және көмір химиясы федералдық зерттеу орталығы» ФМБФМ Адам экологиясы институтының Кузбасс ботаникалық бағы бөлімінің бас ғылыми қызметкері (03.00.05 – Ботаника).

Кубентаев Серік Арғынбекович — PhD докторы, қауымдастырылған профессор, ҚР ЭТРМ ОШЖШК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖК-дағы РМК филиалы — Астана ботаникалық бағының жетекші ғылыми қызметкері.

С.С. Тыржанованың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

Султангазина Гулнар Жәлеловна — биология ғылымдарының кандидаты, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ «Биология, экология және химия» кафедрасының профессоры.

Данилова Алевтина Николаевна — биология ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК «Алтай ботаникалық бағы» ШЖК-дағы РМК жетекші ғылыми қызметкері, Риддер қ., Қазақстан.

Жоғарыда аталған рецензенттер диссертациялық кеңеске пікірлерін уақытылы ұсынды; пікірлер ҚР Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже, тармақ және 2025 жылғы 29 тамыздағы № 1139 бұйрығымен бекітілген Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің диссертациялық кеңесі туралы ереже.

Рецензенттердің ізденушілердің диссертациялық зерттеулерін бағалау бойынша терең талдау жұмыстарын жүргізгенін атап өту қажет. Олар өз пікірлерінде келесі аспектілерді көрсетті: диссертациялардың ғылымды дамыту бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, өзектілігі, жаңашылдық, дербестік, шынайылық, ішкі бірлік, практикалық құндылық және академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі. Рецензенттер тарапынан диссертациялар бойынша іргелі ескертулер болған жоқ.

